

## 2009 жылға әлеуметтік жұмыс орындарын құру туралы

### *Күшін жойған*

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы әкімдігінің 2009 жылғы 06 сәуірдегі N 100 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысы Әділет департаментінің Жарма аудандық әділет басқармасында 2009 жылғы 15 мамырда N 5-10-81 тіркелді. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - Жарма ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 02 наурыздағы № 425 хаты

*Ескерту. Қабылданған мерзімінің бітуіне байланысты күші жойылды - (Жарма ауданы әкімдігінің 2010.03.02 № 425 хаты).*

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 149 «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына және 7 бабының 4), 5) тармақшаларына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы № 148 «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13) тармақшасына сәйкес, жұмысқа орналасуда қиыншылық көріп жүрген мақсатты топтағы халықты әлеуметтік қорғаудың қосымша іс-шараларын белгілеу мақсатында, Жарма ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Әлеуметтік жұмыс орындарын құратын кәсіпорындар, ұйымдар, мекемелердің тізбесі бекітілсін (Қосымшаға сәйкес).

2. «Жарма ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ (А. Өмірзақов) халықтың мақсатты тобынан әлеуметтік жұмысқа орналастыру үшін ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінде тіркелген жұмыссыздарды іріктеуді қамтамасыз етсін.

3. Қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары С.М. Б р ы н з о в қ а жү к т е л с і н .

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күннен соң он күнтізбелік күн өткеннен кейін қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі *Д. Мусин*

Ж а р м а а у д а н ы ә к і м д і г і н і ң  
0 6 с ә у і р 2 0 0 9 . № 1 0 0  
қаулысына қосымша

**2009 жылға әлеуметтік жұмыс орындарына  
құратын кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың  
ТІЗБЕСІ**

1	«Шар көлігі» жауапкершілігі шектеулі серіктестік	2
2	Жеке кәсіпкер «Жолумбетова М.М.»	2
3	«Серт» шаруа қожалығы	2
4	«Әділ» шаруа қожалығы	3
5	«Горводхоз» коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын	1
6	Жеке кәсіпкер «Ауытканова С.Б.»	1
7	«Еңбек» шаруа қожалығы	4
	Барлығы	16

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК